

В том случае, если потерпевшая страдала психическим заболеванием, характер и степень ее душевного расстройства должна установить психиатрическая экспертиза для того, чтобы сделать суждение о возможности потерпевшей осознавать характер совершаемых с ней сексуальных действий. Беспомощным состоянием может быть признано возникновение у потерпевшей так называемого психологического ступора, вызванного действиями виновного для достижения своей цели и обстановкой на месте изнасилования, что заставляет потерпевшую безропотно подчиняться чужой воле. Для правильной оценки этого состояния также необходимо заключение психиатрической экспертизы поведения потерпевшей на момент, предшествующий изнасилованию[19].

Организаторы, пособники и подстрекатели, не принимавшие непосредственного участия в совершении с потерпевшей насильственных половых актов, но своими действиями способствующие этому, ответственность по п. «б» ч. 2 ст. 120 УК РК не несут. Их действия квалифицируются по ст. 28 и соответствующей части ст. 120 УК РК. При совершении изнасилований, предусмотренных п. п. «г», «д» ч. 2 ст. 120 УК РК, пособник может быть привлечен к ответственности за соучастие именно в данных преступлениях только в тех случаях, когда заведомо знал, что оказывает содействие в изнасиловании лицу, ранее совершившему изнасилование или насильственные действия сексуального характера, что потерпевшей является девушка, не достигшая четырнадцатилетнего возраста или тот факт, что насильник болен ВИЧ-заболеванием. Предварительный сговор при совершении изнасилования предполагает выраженную в любой форме договоренность двух или более лиц, состоявшуюся до начала совершения действий, непосредственно направленных на изнасилование потерпевшей. Договоренность может быть выражена в словесной форме или с помощью жестов.

Уголовно-правовая борьба с преступными посягательствами против половой неприкосновенности и половой свободы личности, обеспечению прав и законных интересов граждан в сфере сексуальных отношений является одной из актуальных задач, стоящих перед органами следствия и дознания. Ее успешное решение в значительной части предопределяет эффективность функционирования всей системы указанных органов, а также оздоровления общего фона нравственных идеалов молодежи и предупреждения их дальнейшего разрушения, падения моральных принципов и духовных ориентиров. Что в последствии может крайне отрицательно сказаться на формировании подрастающего поколения и на генофонде страны вообще.

*Е.Т. Нұрмағанбет*

### **ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ БАТЫС ЕУРОПА МЕН АҚШ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАУДАҒЫ АДВОКАТ-ҚОРҒАУШЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ**

1808 жылы Францияда сот ісін жүргізу таза инквизициялық түрде ғана өтетін. Ол құпия, жазбаша болып, онда бәсекелестік болмайтын. Айыптау және ақтау дәлелдемелерін жинау міндеті тергеуші судьяға берілген болатын. Бұл өндіріс сатысына қорғаушы қатыспаған. Айыпкердің өзі тергеу әрекетіне қатыса алмайтын және жиналған мәліметтермен таныспайтын. Алдын ала тергеудің мәліметтері айыпталушыдан жасырын болатын. Айыпталушы куәгерлерді судьяның келісімімен ғана шақыра алатын, қысқаша айтқанда айыпталушы зерттелетін объект болып отырды. Тергеу сотының дәлелдемелер жинаудағы тәуелсіздігі туралы сөз де қозғауға болмайды. Тергеу судьясы айыптау органдарынан толығымен тәуелді болды. Өйткені, ол прокуратура басқаратын сот полициясының құрамында болды. [1, 28-б].

ХІХ ғасырда Францияда айыпкердің құқықтарын кеңейту туралы, алдын ала тергеуге қорғаушының қатысуы туралы сұрақтар кең талқыланған болатын. Осыған қарамастан қорғаушының алдын ала тергеуге қатысу жобалары қабылданбаған еді.

1897 жылғы заңмен ғана қорғаушы алдын ала тергеуге қатысуға құқығына ие болды.[2, 784-б]. Бірақ оның дәлелдемелер жинауға қатысуы шектелген болатын. Ол тек қана айыпкер қатысатын тергеу өндірісіне ғана қатыса алатын. Тергеу судьясының рұқсаты болмай қорғаушы тергеу әрекеттері қатысушыларына сұрақтарды қоя алмады.

Францияның 1808 жылғы ҚІЖК-не қарағанда Ресейдің 1864 жылғы ҚІЖК-де және Германияның 1877 жылғы ҚІЖК-де қорғаушы алдын ала тергеуге қатысу мүмкіндігі қарастырылған.

Германиядағы алдын ала тергеудің өзіндік ерекшеліктері болды. 1877 жылғы ҚІЖК-і бойынша алдын ала тергеуде барлық дәлелдемелерді жинау мақсат болмай, тек соттық тергеуге дейін жоғалып қала алатын дәлелдемелер ғана міндетті түрде жиналатын. Дәлелдемелерді жинаумен тергеу судьялары айналысты. Ал, қорғаушы мен айыпкер маңызды тергеу әрекеттеріне қатыса алатын. Қылмыстық іс жүргізу жарғысының 191 параграфы бойынша қарау шаралары жүргізілген кезде

прокурордың, айыпталушының, қорғаушының қатысулары қарастырылған. Сонымен қатар, осылар сотқа келе алмаған куәгерлерге және сарапшыларға қатысты сұраулар жүргізген кезде де қатысты. [3, 61]. Заңда осы құқықтың іске асырылатын салдары көрсетілді. Мысалы, тергеуші тергеу әрекеттерінің басталатын уақытын қорғаушыға алдын-ала айтуға міндетті болды. Қорғаушы сарапшылардың тізімін толықтыруға немесе өзінің сарапшыларын шақыруға құқылы болатын. Қорғаушы және айыпталушы куәгерлерді сұрауда да қатысып, бірақ бұл құқық декларация түрінде ғана болатын. Егер куәгер солардың алдында шындықты айта алмаса, тергеуші қорғаушы мен айыпталушыны сұрауға қатыстырмауға құқылы. Қорғаушы айыпталушыны сұраудың хаттамаларымен, жүргізілген сараптамалардың нәтижелерімен танысуға және көшірмелерін алуға құқылы болды.

1877 жылғы қылмыстық іс жүргізу жарғысы бойынша қорғаушының дәлелдемелер жинаудағы құқығы аз болды. Әдебиеттегі мәліметтер бойынша, Герман жарғыларының құраушылары, әлі толық мәліметтер жинамаған айыптау жағының қызығушылықтарына қорғаушы әрекет жасай алатынан қорыққан. [4, 130-6]. Ал 1873 жылғы Австрияның қылмыстық іс жүргізу жарғысы бойынша қорғаушы байқауға, тінтуге, суырып алуға қатыса алатын, сонымен қатар тергеу шаралары жүргізілу керек заттарға көрсете алатын. Қорғаушы жергілікті тексеруге, сонымен қатар, соттық тергеуге келетін куәгерлерді және сарапшыларды сұрау кезіне де қатысатын. Қорғаушы тергеу жұмыстарына зиян келтірмей тергеу актілермен керегінше таныса алатын. [5, 39]

Германия және Австрия қылмыстық іс жүргізу жарғыларын қарасақ, мұнда әрбір жақтардың өзіндік дәлелдемелер жинау құқықтары қарастырылмаған. Осыған бірнеше негіздеме себеп болды: бірінші, дәлелдемелерді жинау үшін арнайы құралдар қажет еді, ал екінші жағынан, айыпталушы істің тежелуін қажет етуі мүмкін. [6, 162-6]. Сонымен Германия мен Франциядағы қорғаушының құқықтарын шектеу ережелері Ресейдікімен ұқсас болды. Бұл жерде қорғаушының қатысуы шындықтың ашылуына кедергі болып, тергеуді тежейді және т.б. деп есептеген. Ал енді бір ғасырдан артық өткен уақытта осы елдердің қазіргі заңнамасында қорғаушының құқықтарының қалай өзгергендігін және іс жүргізудегі қорғаушының деңгейінің дамуы болашағын қарастыруымыз қажет.

Енді, Батыс Еуропа елдерінің қазіргі замандағы қылмыстық процесінде дәлелдемелерді жинауға қорғаушының қатысуы туралы тоқталатын болсақ, 1958 жылғы Францияны ҚІЖК-ң сотқа дейінгі бөлімі бірнеше деңгейлерден тұрады. Бірінші деңгейі анықтау болып табылды. Кодекстің 14 бабы бойынша анықтау жұмыстары басталғанға дейін дәлелдемелер жинау және қылмыс жасаған адамдарды іздеу полицияның міндеті болып саналды. [7, 28-6]. Осы сатыда дәлелдемелер жинауды прокуратура басшылығымен сот полициясы жүргізеді. Айқын қылмыстарды анықтау кезінде полиция тергеуші судьяның құқықтары сияқты құқықтармен қамтамасыз етіледі.

Сол Кодекстің 1993 жылғы өзгертулері бойынша жеткілікті шектеулі мөлшерлерде анықтауға қорғаушының қатысуы мүмкін болды. Бірақ дәлелдемелерді осы сатыда жинау инквизициялық түрде сақталып қалды. [8, 115-6]. Анықтау барысында жиналған мәліметтерге негізделіп прокурор қылмыстық іс қозғау туралы шешім қабылдайды. Алдын ала тергеу іс жүргізудің тәуелсіз деңгейі болып табылады. Осы тергеудің басты мақсаты болып – дәлелдемелерді жинау болып саналады.

Францияның ҚІЖК-ң 81 бабы бойынша алдын ала тергеу жұмыстарын тергеу судьясы жүргізеді. 1958 жылғы Кодекс бойынша тергеу судьясы сот полициясы құрамынан шығарылған еді, бірақ прокуратураның тергеуге әсері үлкен болып шықты, өйткені тергеу бойынша шаралардың барлығы прокуратураның талаптары бойынша жүргізілді (1958 ж Франция ҚІЖК-ң 80 бабы, бірінші бөлігі). Сонымен қатар, тергеу судьясы прокурордың арызы бойынша белгілі бір істі жүргізуден шектеліп сол істі жүргізуге басқа тергеу судьясы қойылуы мүмкін. Қылмыстық іс бойынша шындыққа жету мақсатында тергеу судьясы кез-келген тергеу шараларын жүргізуге құқылы. ҚІЖК-ң 81-і бабының 4-і азат жолында көрсетілуі бойынша тергеу судьясы сот полициясының лауазымды тұлғаларына керекті тергеу шараларын жүргізуге бұйрық бере алады. Франция ҚІЖК-да тінту, алу, сұрау, кездестіру, сараптама жүргізудің шарттары көрсетілген. Тергеу шаралары осымен ғана шектеліп қоймайды. Тергеу шараларының протоколдарын сот тергеушісінің қасында болатын хатшы құрастырады.

1958 жылғы Франция ҚІЖК-і бойынша қорғаушының дәлелдемелер жинауға қатысуы шектелген. Қорғаушы тек айыпталушыдан жауап алу кезінде, айыпталушыны басқа айыпталушылармен, куәгерлермен кездестірген кезде ғана қатыса алады, сонымен қатар, адвокаттың келмеуі тергеу шараларын жүргізуге кедергі болмады. Осы тергеу шараларын жүргізу кезінде қорғаушыға екінші деңгейдегі роль берілген. Ол тек жауап алынған адамға ғана сұрақ қою үшін сөз алуға құқылы. Тергеу судьясы қорғаушының қойған сұрағын алып тастауға құқылы. Сұрау кезінде қорғаушы тергеуші судьяның рұқсатын алмай ешқандай арыз жасай алмайды. Қорғаушы кейбір тергеу шараларын жүргізуге қатыса алды, сонымен қатар, медициналық куәландыруға, сараптама жүргізуге, қосымша сараптама жүргізуге, қарсы сараптама жүргізуге және т.б. шаралар жасауға өтініш жаза

алды. Заң әдебиеттерінде қорғаушының дәлелдемелер жинауда осындай түрде қатысуы да заңмен кепілдендірілмеген деп жазылған. Ал бұл өз кезегінде қорғаушының іске дәлелдемелерді қосу туралы өтініштерінің заңдық маңыздылығының жоқтығынан тергеуші судья оларды қарамай, іске қоспай, тіпті жауапсыз да қалдыра алды.[9, 106-6]

Германияда тергеуді жылдамдату мақсатында алдын ала тергеу алынып тасталған, оның орнында прокурорлық тергеу жүргізіледі.[10, 6-6].

Германияның ҚДЖК-ң 160 параграфының 2-ші пункті бойынша прокуратура тергеу жүргізген кезде айыптаушы мәселелерді іздестірумен қатар, актаушы мәселелерді де табу керек. Жоғалып қала алатын дәлелдемелерді сақтау шараларын жүргізу керек. Сонымен қатар, Германия прокуратурасына айыптаушы бағыты да тән.

Германияның ҚДЖК-ң §161 сәйкес, прокуратура тергеу жүргізген кезде полиция көмегіне жүгінуі құқылы. Полицияның міндеті, жедел іздестіру шараларын жүргізу болып табылады. Кейде заңға қайшы полиция тергеуді толығымен жүргізеді.[11, 34-6].

Прокурорлық тергеу жүргізген кезде соттық тергеу шаралары прокуратура өтінішімен жүргізіледі, ал кейде оның қатысуынсыз да (§ § 162,165 ГФР ҚДЖК). Прокурорлық және соттық тергеу мәліметтері заңда көрсетілген тәртіппен бекітіледі.

Қорғаушының прокурорлық тергеуге қатысуы шектеулі. Қорғаушы полициялық тергеу шаралары жүргізілуі кезіне қатыса алмайды. Ол тек тергеу шараларын судья жүргізген кезде (§§ 168, 168. ГФР ҚДЖК) және айыпкерді прокурор сұраған кезде (3 бөлім §168 ГФР ҚДЖК) ғана қатыса алады. Айыпталушыны судья жауап алған кезде прокурор, қорғаушы және айыпталушы қатыса алады. Осылар судьяның куәгерлерді және сарапшыларды сұрауында да бола алады. Егер тергеу мақсаттарына қорғаушының қатысуы кері болса, онда осындай жағдайда қорғаушының қатысуы шектеледі. Тергеу шараларына қатысу құқығы бар тұлғаларға тергеу шаралары туралы алдын ала хабардар етіледі. Егер тергеу мақсаттарына кері болса, онда хабарландыру жасалмайды. Сонымен қатар, тергеу шараларына қатысу құқығы бар тұлғалар, тергеу шараларын басқа уақытқа ауыстыруын талап ете алмайды (п.5 § 168 ГФР ҚДЖК).

Сонымен алдын ала тергеудегі қорғаушының құқықтары өте төмен екендігін және заңмен кепілдірілмегендігін түсінеміз. Қорғаушы дәлелдемелер жинауға қатыспайтыны көрінеді.

Франция мен Германия заңнамаларын талдауынан, осы елдерде бір ғасыр өткеннен кейін де қорғаушының деңгейі өспегендігін, тіпті кейбір жерлерде төмендегенін көреміз. Төмендегенін біз Германиядағы алдын ала тергеудің жойылғанынан көреміз. Ал бәсекелестік іс жүргізу қалыптасқан елдерде қорғаушының деңгейі мүлдем басқа. Ағылшын-америкалық елдерде дәлелдемелерді жинау тәсілдері өзгеше ерекшелінеді. Дәлелдеме табу мен оларды іске қосу уақыттары бір-бірінен бөлінген. Бірінші сатыда қатысушы жақтар дәлелдемелер жинайды, айыптаушы жақ тек қана айыптаушы дәлелдемелер жинайды. Іске бекіту судьяның алдын ала тыңдауында жүргізіледі. Сонымен қатар, жақтардың өтініштері бойынша жаңа дәлелдемелер алу үшін жаңа шаралар қолданылады. Осы елдердің заңнамасында алдын ала тергеу сатысының тәртіптері көрсетілмеген. Уақыт өткенімен ол өзгерістерге ұшырамады.[12, 142-6].

АҚШ-ғы қорғаушы-адвокаттың дәлелдемелер жинауындағы орнына келетін болсақ, АҚШ-та полициялық тергеу кезіндегі қорғаушының заңдық жағдайы заңда реттелмеген. Қорғаушының жағдайы АҚШ Конституциясының 4-ші өзгертуінде көрсетілген. Бұл жерде айыпталушы адвокаттың көмегін пайдалануға құқылы деген жағдай жалпылама көрсетілген. Ал қорғаушының жағдайлары АҚШ соттарының шешімдерінде нақтыландырылған. Континентті Еуропа мен Ресейден ерекше АҚШ-та алдын ала тергеу кезінде қорғаушылар өздері «адвокаттық тергеу» жүргізе алады.

А.Н.Ведерниковтың айтуы бойынша, американдық адвокаттың қызметі Ресейдің істі қарастырудың алдындағы дайындықтан айырықшаланбады. Өйткені адвокаттың өктемдік құқықтары жоқ, оның құқықтары шектеулі деп айтады. Оның қызметі негізінен жаңа куәгерлерді іздеу және айыпкерді сұрау кезіне қатысу болып табылады.[13, 146-6].

А.Н.Ведерниковтың айтуымен келіспеуге болады. Біріншіден, АҚШ-та жеке-тергеу шараларының нәтижелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Полицияның жасаған шараларының нәтижелерінің дәлелдеуші күші жоқ, сонымен қорғаушылардың тергеу шараларының нәтижелері полицияның тергеу шараларының нәтижелерімен теңестіріледі. Ал дәлелдемелерді тіркеу, жоғарда айтылғандай кейінгі сатыларда жүзеге асырылады.

Екіншіден, адвокаттар дәлелдемелерді Федералды Қорғаушылар Басқаруының көмегімен жинайды. Қорғаудың тергеушілері айыпкерді ақтайтын дәлелдемелерді жинаумен және адвокаттарға өздерінің клиенттерінің мүддесін қорғауға көмектеседі.[14] Дәлелдемелерді табу үшін адвокаттар жеке детективтер көмегіне жүгінеді. АҚШ-та жеке детективтердің дәлелдеме жинаудағы кең

өкілеттіктері бар. Олар бақылау, сұрау, тінту, алу сияқты әдістерді қолдана алады. Осы әдістерді қолданып алынған мәліметтер қылмыстық іске дәлелдемелер ретінде қосылады.[15].

АҚШ-та жеке детективпен әлеуметтік жағдайы төмен айыпкердің адвокаты да келісім шартқа отыра алады. Айыпкерлерге мемлекет дәлелдемелерді жинауға арнайы бюджеттен ақша бөлу арқылы көмектесті. 1964 жылғы «қылмыстық әділдік сот туралы» заңы бойынша, әлеуметтік жағдайы төмен айыпкер қорғануға қажетті сараптама немесе басқа да шаралар жүргізу үшін көмек алуға өтініш жасай алады. [16, 84-б].

Үшіншіден АҚШ-та азаматтар көрсетімдер беруден бас тартпайды. Ол американдықтардың ұлттық мінезімен сипатталады. Сондықтан, адвокатқа сұраулар өткізу үшін арнайы өкілеттік қажет емес. Өзіндік дәлелдемелер жинаумен қатар, адвокаттар полицияның жүргізген тергеуіне де қатыса алады: сұрауға, тануға, тінтуге қатысуға, дәлелдемелерді ұсынумен байланысты өтініштер жасауға құқылы. Осы құқықтар қорғаушы-адвокаттарға сот прецеденттерімен берілген.[17]. Сонымен, АҚШ-та қорғаушы-адвокаттардың клиенттерін қорғау үшін қажетті мәліметтерді жинаудағы мүмкіндіктері көп екендігін көреміз. АҚШ-тың тәжірибесі бойынша қорғаушының іске қатысуы мәліметтерді жинауды тежемейтінін, керісінше ақтайтын және айыптайтын мәліметтердің жиналуын тездететінін көреміз. Істің алғашқы сатыларында бәсекелестіктің нәтижесінде қорғаушының айыптаушыға қарсы қоятын мәліметтерінің арқасында іс бойынша әділдікті табуды жеңілдетеді. Керісінше, қорғаушының тергеу сатыларында қатыспауы немесе жай ғана формальды түрде қатысуы алдын ала тергеудің әділдігі туралы шүбә туғызады.

Қазіргі кезде Ресеймен қоса континенталды Еуропа елдерінде қорғаушылардың дәлелдеме жинау құқықтарын кеңейту үрдістері көрініс табууда. Заң әдебиеттерінде сотқа дейінгі сатыларда бәсекелестікті ұлғайту туралы көптеген мәселелер көтерілуде. Прокурорлық тергеуге қорғаушының қатысуы минималды болатын Германияның өзінде де, осы елдің белгілі тәуелсіз заңгерлерімен ҚДЖК-ң жобасы жасалған. Жоба бойынша, қорғаушының өзіндік тергеу институтын құру қарастырылған.[18, 87-б] Ресейде қылмыстық іс жүргізу заңнамасында реформа жүргізген кезде АҚШ-тың және басқа да бәсекелестік іс жүргізу қалыптасқан елдердің оң тәжірибесін қолдану керектігі түсінікті. Сонымен қатар, Ресейдің қылмыстық кодексінің ерекшеліктерін де ескеру керек.

1. Уголовно-процессуальный кодекс Франции 1958 г с изменениями и дополнениями на 1 января 1966 г. - М: Прогресс, 1967 г. - с 28
2. Чельцов-Бебутов М.А. Курс уголовно-процессуального права, Очерки по истории суда и уголовного процесса в рабовладельческих, феодальных и буржуазных государствах. - Санкт-Петербург: Альфа: Равента, 1995 г. -с. 784.
3. Голос-1881 г. №61
4. Фойницкий и. Предварительное следствие и его реформа // Журнал гражданского и уголовного права 1882 г. - кн.1 с. 130с.
5. По поводу формальной защиты на предварительном следствии// Судебная газета. 1899 г.-№39
6. Фойницкий И. Указ. соч. с. 162.
7. Уголовно-процессуальный кодекс Франции 1958 г. с изменениями и дополнениями на 1 января 1966 г. - М: Прогресс, 1967 г. - с. 28.
8. Головки Л.В. Дознание и предварительное следствие в уголовном процессе Франции. - М.: СПАРК, 1995 г.-с. 115.
9. Лубенский И. А. Предварительное расследование по законодательству капиталистических государств. - М.: Юрид. лит., 1977 г. - с. 105-106.
10. Уголовно-процессуальный кодекс Федеративной Республики Германии с изменениями и дополнениями на 1 января 1993 г. Перевод с немецкого и предисловие канд. юрид. наук Б.А. Филимонова-М.: Манускрипт, 1994 г. -с.6,
11. Филимонов Б. А. Основы уголовно процесса Германии, - М., 1994 г. - с. 34.
12. Фойницкий и. Предварительное следствие и его реформа // Журнал гражданского и уголовного права 1882 г. - кн.1 с. 142.
13. Ведерников А.Н. Актуальные вопросы участия защитника на стадии предварительного расследования. Дис. на соиск.уч.ст.к.ю.н.-М., 1990 г, с. 146.
14. Курдова А.В. Защитник обвиняемого в уголовном процессе США : Автореф. дис.на соиск. уч. ст. к.ю.н. -М., 1998 г.
15. Агутин А.В Правовые и тактические аспекты частной сысской деятельности. Дис. на соиск. уч. ст. к. ю. н. - Нижний Новгород, 1996 г.
16. Курдова А.В. Право малоимущих обвиняемых на защиту в уголовном процессе США//Государство и право, - 1995 г.- № 7. Николайчик Уголовное правосудие в США//Экономика, политика, идеология, -1995 г. № 2 - с. 84.
17. Курдова А.В. Защитник обвиняемого в уголовном процессе США: Автореф. дис.на соиск. уч. ст. к.ю.н. -М., 1998 г.
18. Филимонов Б.А. О правовом положении защитника на предварительном расследовании в уголовном процессе Германии// Вестник Московского Университета - Право, - 1992 г. - №3,-С.87.

\*\*\*

In given article participation of the lawyer-defender in collecting of proofs in the Western Europe and USA XIX is considered century.

\*\*\*

В данной статье рассматривается участие адвоката-защитника в собирании доказательств в Западной Европе и США XIX в.

*Б.Т. Тлеулесова*

### **ЗАТТАРДЫ КЕДЕН БАҚЫЛАУЫНАН ЖАСЫРЫП ҚАЛУ АРҚЫЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КОНТРАБАНДА ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ**

Экономикалық қызмет саласындағы мемлекет мүдделерін қамтамасыз етуде кеден қызметі аса маңызды рольге ие, ол аталған саладағы негізгі құқық қорғаушы институттардың бірі болып табылады. Сыртқы сауда айналымын, жалпы алғанда, сыртқы экономикалық қызметті реттеуге қатыса отырып және фискальды қызмет атқара отырып, кеден қызметі мемлекеттік бюджетті толтыруға, ол арқылы экономикалық мәселелерді шешуге ықпал етеді. Ал, кеден ісі аясында орын алатын қылмыс құрамдары сыртқы экономикалық қызмет саласындағы қылмыстардың бір тобын құрай отырып, кеден органдарының қалыпты қызмет етуіне қарсы бағытталады.

Кедендік қылмыстардың қылмыстық заңға енгізіліп, оларды жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтың бекітілуін келесі факторлармен байланыстырамыз:

- кеден ісі саласының дербес құқық саласы ретінде қалыптасуы;
- аталған қызмет саласындағы құқық бұзушылықтардың кеңінен таралуы және олардың өсу тенденциясының байқалуы;
- аталған қылмыс құрамдары келтіретін зардаптардың аса үлкен мөлшерде болатындығы;
- кеден ісі саласын, басқа да құқық салаларының жеткілікті дәрежеде қорғай алмауы, аталған саланы қылмыстық-құқықтық қорғаудың тиімділігі.

Қылмыстық құқықтың кеден ісі саласын қорғау функциясы қылмыстық-құқықтық тыйымдардың белгіленуі және аталған саладағы қылмыстық құқықпен қорғалатын қоғамдық қатынастарға қол сұғылмаушылықтың белгіленуі арқылы көрініс табады.

Біздің пікірімізше, Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексі кеден ісі саласында орын алатын келесі қылмыс құрамдары үшін қылмыстық жауаптылықты белгілейді:

- экономикалық контрабанда ( 209-бап);
- шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау (213-бап);
- кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару ( 214-бап);
- айналысы шектелген және айналыстан алынған заттардың контрабандасы ( 250-бап).

ҚР Жоғарғы Соты Пленумының «Контрабанда үшін қылмыстық жауапкершілік туралы заңдарды қолдану практикасы туралы» қаулысының 5-тармағына сәйкес, контрабанда жасаудың жоғарыдағы бірінші тәсілінде – контрабанда заттарын кеден бекеттерін, өткізу пункттерін және кедендік рәсімдеу жүргізу үшін ҚР заңдарымен және кеден органдарымен белгіленген басқа органдарды айналып өтіп немесе рәсімдеу жүргізілетін уақыттан басқа кезде жібереді немесе алып өтеді. ҚР Президентінің «ҚР кеден ісі туралы» заң күші бар Жарлығының 25- бабына сәйкес, ҚР кеден органдары белгіленген жерлерден және олардың ҚР заңдарына сәйкес жұмыс істеу уақытында ғана тауарлар мен көлік құралдарының ҚР кедендік шекарасын кесіп өтуіне жол беріледі. Басқа жерлерден және ҚР кеден органының жұмысынан тыс уақытта тауарлар мен көлік құралдары ҚР кедендік шекарасын тек ҚР кеден органдарының рұқсатымен ғана кесіп өте алады. Контрабанда жасаудың екінші тәсілі – тауарларды немесе өзге де құндылықтар мен заттарды жасыру, оларды құпия жерге тығу немесе табуды қиындататын басқа әдістер қолдану немесе затқа басқа заттың түрін беру. Заттарды кеден бақылауынан жасырып қалу үшін қолданылатын айланың түрі көп. Заттарды, мысалы, киімге, аяқ киімге, бас киімге, қобдиша түбіне, таяқ, шатыр саптарына, тағам ішіне тығады.

Контрабанданың үшінші тәсілінде кеден органдарында, сондай-ақ шекара бақылауын жүзеге асыратын адамдарға жарамсыз, заңсыз жолмен алынған, жалған, сондай-ақ жалған мәліметтер кірген құжаттар ұсынады, жасанды мөрлер, мөртабандар, пломбалар, кедендік ұқсастырудың басқа да сондай құралдарын пайдаланады немесе басқа объектілерге жататын шын ұқсастыру құралдарын ұсынады. Бұл тәсіл контрабанданың ең көп таралған және қауіпті түрлерінің бірі, себебі құжаттарды алдамшы жолмен қолдану арқылы шетелге әртүрлі құнды шикізат пен материалдары, қуат көзін (мұнай, бензин, мазут), т.б.көптеген алып өту мүмкіндік туады. Мұндай ірі масштабты операцияларды мемлекет ондаған, жүздеген мың доллар зиян шегеді. Контрабанданы осы тәсілмен жасағанда айыптының әрекетін құжаттарды бұрмалағандығы немесе қолдан жасағандығы үшін қосымша саралаудың қажеттілігі жоқ, себебі бұл әрекеттер контрабанда жасаудың осы тәсілінің міндетті нышандары болып табылады. Контрабанда жасаудың төртінші және бесінші тәсілдерінде алып өтуге тыйым салынған немесе шек қойылған не айналымнан алынған немесе басқа құндылықтар мен заттарға қатысты, заңда белгіленген ережелерге сай кедендік декларация беру